

**ҚАЛЫБЕК (ҚАЛИБЕК) ҚУАНЫШБАЕВ,**

*актер, қазақ театр  
өнерінің негізін қалаушы*

## **КҮЛӘШІМ**

Қыршын жастың қырқылған  
Қайғылы халі тұр батып.  
Мейірімсіз тағдырдың  
Құлады қатал оғы атып.

Көп жүректің жаншылып,  
Елжіреген кезі бұл.  
Бір минутте үзілді-ау  
Бақшадағы қызыл гүл.

Сұрғылт тартып бас аймақ,  
Ортақтасты қайғыға.  
Ел бұлбұлы Күләштің  
Қалды артында бай мұра.

Қайырымсыз ажал қармады,  
Қабырғам кетті қайысып.  
Суық ұрып солды гүл,  
Бағында өскен майысып.

Қанға жерік қара жер  
Айқара ашты қойынын.  
Қатал еді ол неткен  
Бар ма екен оған тойыным?

Көрген жұрттың көзінен  
Аяныш жасы саулады.  
Ел шолпаны Күләштің  
Көп еді алда арманы.

Қазақ, қырғыз егіліп,  
Басында тұрды бір жылап.  
Қаралы тулар иілді,  
Табытқа суық тұнжырап.

Қош, Күләшжан, елің бар,  
Ел ішінде гүлің бар.  
Гүлді әніңді солдырмас  
Сіңлің, бауырың, інің бар!